


Сырдария бойында Ресей әскери шебінің құрылуы



**1833 жылы жазында В.А.Перовский
Орынбор өлкесінің губернаторы болып
тағайындалды. Ол өз алдына 2 міндет
қойды:**

- 1.Орыс билігін мойындамайтын
қазақтарды бағындыру;**
- 2.Орыс әскерлерін Орта Азия
хандықтарының шекараларына
жақындатуды тездету.**



1834 жылы
полковник
Жемчужников
казак даласына
жіберілді.

1836 - 1839 ж.ж.
Орыс әкімшілігі
қазақтарды
тыныштандыру
үшін бірнеше
жазалау
экспедициясын
жіберді.

1836 ж. Орал казактарының жазалау отряды Каспий теңізімен 3,5 ай бойы жүзіп, бірақ мақсатына жете алмады. Нақ сол жылдың қысында полковниктер Мансұров, Данилевский және 55 орал казагы мұз үстімен Бозашы түбегіне барып, бұрынғыт тәртіпсіздіктердің басты кінәлілері деп саналған адай руының ауылдарын шауып, талап – тонады.

Орынбор губернаторы “мазасыз көршісі Аллақұл ханды бір соққымен құртқысы келіп, ақырында Хиуаны жаулап алуға патша ағзамнан рұқсат сұрады.” Мүлде сәтсіз аяқталған бұл жорықты В.А.Перовский 1839-1840 ж.ж. жасаған.

**Бұл әскери әрекеттің
алдында 1834 жылы
Маңғыстауда Ново –
Александровск бекінісі мен
Орскіден Троицкіге дейінгі
әскери шеп салынған
болатын.**

Хиуаға қайталап жорық жасауынан қауіптенген Аллақұл хан 1840 жылдың жазында Ресейге 424 орыс тұтқынын қайтарды. Ресеймен достық туралы келіссөздер жүргізу үшін ол Петербургке елшілер жіберді.

1834-1839 жылдарда қарулы жазалау экспедициялары

Маңғыстау және Арал өңірі қазақтарына орасан зор материалдық және моральдық зиян келтірді, алайда олардың моральдық зиян келтірді, алайда олардың моральдық рухы жасыған жоқ.

